

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндеттерін атқарушының 2009 жылғы 8 қаңтардағы № 6 "Модульді мал сою бекеттеріндегі ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізетін зертханаларға арналған ветеринариялық нормативтерді бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы № 767 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 14 қаңтарда N 6730 тіркелді

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі заңының 8-бабының 20) тармақшасын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Модульді мал сою бекеттеріндегі ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізетін зертханаларға арналған ветеринариялық нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 8 қаңтардағы № 6 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылдың 30 қаңтарында № 5521 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа да орталық мемлекеттік органдарының 2009 жылы № 5 актілер жиынтығында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспедегі «21» саны «20» санымен алмастырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік инспекция Комитеті облыс, Астана Алматы қалаларының аумақтық инспекцияларымен бірлесіп Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік инспекция Комитеті заңнамада бекітілген тәртіпте осы бұйрықтан туындайтын керекті шараларды қабылдасын.»

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығын дамыту және ветеринариялық қауіпсіздік департаменті (Тоқсеитова Р.Ә.) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Күрішбаев